

П.Қ. САЛИБЕКОВА,¹
докторант.
А.Т. ТЛЕУБЕРДИНОВА,¹
э.ғ.д., профессор.
«Тұран» университеті¹

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Андатпа

Елдің азық-түлік қауіпсіздігі ұлттық қауіпсіздіктің негізгі құрамдас бөлігі ретінде көптеген елдерде экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізу үшін өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Мақалада азық-түлік қауіпсіздігі тұжырымдамасының теориялық негіздеріне талдау жүргізілді. Әр түрлі экономист-ғалымдардың осы мәселеге арналған анықтамаларын зерттеу нақты мәнмәтінге және саяси мәселелердің басымдығына байланысты азық-түлік қауіпсіздігі ұғымын тұжырымдауда үш негізгі бағытты анықтауға мүмкіндік берді: халық үшін өнімдердің кепілді қолжетімділігін жалпыға бірдей қамтамасыз ету ретінде; елдің әрбір тұрғыны үшін азық-түлік өнімдеріне қолжетімділіктің мемлекеттік кепілдігі ретінде; елдің азық-түлік / экономикалық тәуелсіздігі ретінде. Мақалада азық-түлік қауіпсіздігінің эволюциялық даму ерекшеліктерін ескере отырып анықтама берілді. Авторлармен азық-түлік қауіпсіздігі жүйесінің негізгі құрамдас бөліктері қарастырылды: экономикалық және физикалық қолжетімділік, тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі. Бұл азық-түлік қауіпсіздігін өлшеуде нақты міндеттерді шешуге бағытталған. Мақалада азық-түлік қауіпсіздігі жүйесінің және оның құрамдас бөліктерінің өзара байланысы авторлық схемасы арқылы ұсынылды. Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін шешуге бағытталған сауатты азық-түлік саясатын жүргізу қажеттілігі негізінде авторлар осы аспектіні реттейтін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдар мен бағдарламаларына талдау жүргізді.

Тірек сөздер: азық-түлік қауіпсіздігі, азық-түлік тәуелсіздігі, бәсекеге қабілеттілік, тамақ өнімдерінің сапасы, талдау, өнімдерге қолжетімділік.

Азық-түлік қауіпсіздігі мәселесі салыстырмалы түрде ХХ ғасырдың 70-жылдары қалыптасып, зерттеліне бастады. Екінші дүниежүзілік соғыс барысында көптеген елдердің экономикасының құлдырауы салдарынан халықтың тамақ өнімдеріне қажеттілігін қамтамасыз ете алмады, сондықтан тамақтану құқығы 1948 ж. Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясына енгізілді. Тек 1972–1973 жылдары орын алған астық дағдарысынан кейін азық-түлік қауіпсіздігі термині халықаралық тәжірибеге еніп, көптеген экономистердің көз-қарасы бойынша жеке анықтама беріле бастады.


Ресми түрде «азық-түлік қауіпсіздігі» термині 1974 жылы Римде азық-түлік мәселесі бойынша Дүниежүзілік конференцияда айналымға енгізілді. Конференцияны БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) ұйымдастырды. Ресми анықтама бойынша: «Азық-түлік қауіпсіздігі – бұл ел халқының кең ассортименттегі жоғары бәсекеге қабілетті отандық азық-түлік өнімдеріне сандық-сапалық қажеттіліктерін қанағаттандыру мен өндірісті қамтамасыз ететін шаралар жүйесі».

Сонымен қатар ФАО дамушы елдерге ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және балық өсіру тәжірибесін жақсартуда көмек көрсететін, дұрыс тамақтану мен барлық адамдар үшін азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ұмтылатын ақпарат көз ретінде танылады. Латын тіліндегі ұйымның ұраны – «Fiat panis» – «Нан болады» деп аударылады. 2018 жылғы тамыздағы жағдай бойынша ФАО-да Еуропалық Одақты (мүше-ұйым), Ниуэ және Кук аралдары (Жаңа Зеландиямен еркін ассоциациядағы мемлекет), сондай-ақ Фарер аралдары мен Токелау мүше болып табылатын 197 мүше мемлекет бар [1].

«Азық-түлік қауіпсіздігі» ұғымына түрлі ғалымдар мен көрнекті практикалық қайраткерлер әр-түрлі анықтамалар береді. Экономикалық әдебиетте азық-түлік қауіпсіздігі санаты бойынша түрлі пікірлерді кездестіруге болады. Осы қалыптасқан теориялар барысында көптеген экономистер ғалымдар азық-түлік қауіпсіздік саласын тереңірек зерттей бастады.

Біздің ойымызша, «азық-түлік қауіпсіздігі» ұғымын түсіндірудің үш негізгі бағытын бөліп көрсетуге болады:

- ◆ толыққанды өмір сүруге қажетті халық үшін азық-түліктің кепілді қолжетімділігін жалпыға бірдей қамтамасыз ету ретінде;
- ◆ елдің әрбір тұрғыны үшін азық-түлікке қолжетімділіктің мемлекеттік кепілдігі ретінде;
- ◆ елдің азық-түлік/экономикалық тәуелсіздігі ретінде (сурет 1).



Сурет 1 – «Азық-түлік қауіпсіздігі» терминінің анықтамаларына жалпылама шолу

Ескертпе – Көрсетілген дереккөздер негізінде авторлармен құрастырылған.

Қазіргі дефиницияларды талдау негізінде «азық-түлік» қауіпсіздігіне авторлық анықтама беруге болады: «Азық-түлік қауіпсіздігі – сыртқы факторлардың әсеріне карамастан тәуелсіздікке кепілдік беретін, өз өндірісі есебінен елдің азық-түлік тауарларына қажеттілігін қанағаттандыру деңгейі».

Азық-түлік қауіпсіздігі басқа өзара байланысты жүйелермен қатар (саяси, әскери-стратегиялық, экономикалық, энергетикалық, экологиялық және т.б.) ұлттық қауіпсіздік жүйесінің құрамына кіші жүйе ретінде кіретін күрделі жүйе болып табылады. Азық-түлік қауіпсіздігі жүйесінің мақсаты халықты қажетті және құнарлы азық-түлікпен сенімді, жеткілікті және сапалы қамтамасыз ету болып табылады және өзара тығыз байланысты үш құрамдас бөліктер жүйесін ұсынады: экономикалық қолжетімділік, физикалық қолжетімділік, азық-түліктің сапасы мен қауіпсіздігі.

Азық-түліктің физикалық қол жетімділігі деп елдің барлық аумағында әр уақытта және қажетті ассортиментте азық-түліктің бар-жоғын түсіну керек. Бұл ретте, Қазақстанда, әсіресе ауылдық жерлерде халықтың тұтыну құрылымындағы жоғары үлес салмағының өз өндірісінің азық-түліктері бар екендігін ескерген жөн. Азық-түліктің физикалық қолжетімділігі

нарықта азық-түлік тауарларының болуымен ғана емес, сондай-ақ оларды жеке қосалқы шаруашылықтарда өндіру мүмкіндігімен де айқындалады.

Азық-түліктің физикалық қол жетімділік деңгейін бағалау ел халқының тамақ өнімдерін нақты тұтыну көлемін оларды тұтыну стандарттарымен салыстыру жолымен жүзеге асырылады. Мұнда елдің орташа статистикалық тұрғынының тамақ өнімдерін тұтынудың физиологиялық нормаларын пайдаланылады.

Азық-түліктің экономикалық қол жетімділігі деп азаматтың әлеуметтік мәртебесі мен тұрғылықты жеріне қарамастан, азық-түлік өнімдерін ең аз тұтыну деңгейінде сатып алуға мүмкіндік беретін табыс деңгейі түсіндіріледі. Өкінішке орай, көп жағдайда экономикалық қолжетімділік сатысынан тепе-теңдікке қол жеткізу өте қиын. Мұндай теңгерімсіздіктің себебі көбінесе импорттық азық-түлікті сатып алу мүмкіндігін анықтайтын халықта ақша қаражатының болуы болып табылады.

Қауіпсіздік пен сапа азық-түлік қауіпсіздігінің маңызды құрамдас бөлігі. Мұнда біз, ең біріншіден экономикалық-географиялық тұрғыдан қарастырамыз. Бұл азық-түлікті тұтынудың кеңістіктік бөлінуін, тамақтанудың калориялығын, азық-түлікті тұтынудың жалпы көлеміндегі көмірсулардың үлесін, ортаның экологиялық ерекшеліктерін, аумақтың ресурстық базасының ерекшеліктерін бағалауға мүмкіндік береді.


ФАО сарапшыларының пайымдауынша, халықаралық азық-түлікпен қамтамасыз ету жағдайының екі негізгі көрсеткіші бар: келесі егін жинауға дейін сақтауға қалатын әлемдегі ауыспалы астық қорының көлемі, сондай-ақ халықтың жан басына шаққанда астық өндірісінің деңгейі болып табылады. Халықаралық статистикада азық-түлік қауіпсіздігі халықтың тәуелділік тамақтану рационының құнарлылық деңгейімен де жиі өлшенеді.

Елдің азық-түлік қауіпсіздігі егер онда тұтынылатын азық-түліктің шамамен 80%-ы өндірілген жағдайда немесе ел экспорты оған азық-түлік бойынша сыртқы сауда теңгерімінің оң сальдосын алуға мүмкіндік беретін азық-түліктің сол немесе өзге түрін өндіруге маманданған жағдайда қамтамасыз етіледі. Егер азық-түліктің қажетті мөлшерін өндіруден басқа, оны әлемнің дамыған елдері деңгейінде (60 күн немесе жылдық тұтыну көлемінің 17%-ы) толықтырылатын сақтандыру қоры көлемінде қосымша шығару жүзеге асырылса, азық-түлік қауіпсіздігі қамтамасыз етілген және тәуелсіз болып есептеледі. Азық-түліктің белгілі бір түрлері елде шығарылмаған немесе олардың өндірісі шектелген жағдайда, олардағы азық-түлік қауіпсіздігі басқа елдерде сатып алуды қамтамасыз етеді. Бұл ретте, жетіспейтін азық-түлік бөлігінде экспорттаушы елдерге азық-түлік, саяси немесе өзге де тәуелділіктің туындауына жол бермеу маңызды.

Азық-түліктің физикалық, экономикалық қолжетімділігі және сапасы азық-түлік қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі ретінде азық-түлік тәуелсіздігі мен аграрлық сектордың сондай-ақ, тамақ өнеркәсібінің дамуымен тығыз байланысты болып келеді. Мәселен, егер нақты аграрлық сектор аумақтың халқын экологиялық таза және қауіпсіз азық-түлікпен төмен бағамен жабдықтаса, содан кейін өз қызметін тоқтатса, онда экономикалық қол жетімділік деңгейі сақталған жағдайда (халықтың табысы) азық-түліктің сапасы мен қауіпсіздігі нашарлайды (сурет 2, б. 255).

Мұндай міндетті шешу ауыл шаруашылығы өндірісін қарқынды дамытуды, сапалы сақтау мен қайта өңдеуді қамтамасыз ететін сауатты азық-түлік саясатын жүргізу, сыртқы саудадағы оң теңгерімге қол жеткізу және азық-түлік тауарлары нарығын реттеу жағдайында мүмкін. Бұл қазақстандық өндірушілердің, өңірлер мен жалпы елдің бәсекеге қабілеттілік деңгейін айқындайтын болады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында азық-түлік қауіпсіздігі туралы арнайы заң енгізілмеген. Алайда ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызмет Қазақстан Республикасындағы «Ұлттық қауіпсіздік туралы», «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы», «Астық туралы», «Техникалық реттеу туралы», «Тауарлар импорты кезінде ішкі рынокты қорғау жөніндегі шаралар туралы», «Мемлекеттік материалдық резерв туралы» және т.б. заңдармен реттеледі. Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Ол ФАО азық-түлікпен қамтамасыз ету саласындағы негізгі ұғымдарды, азық-түлік ресурстары импорты мен қорларының үлесін анықтау жөніндегі ұсыныстарын ескереді.



Сурет 2 – Азық-түлік қауіпсіздігін қалыптастыруға әсер ететін факторлардың өзара байланысы

Ескертпе – Авторлармен құрастырылған.

Осылайша, азық-түлік қауіпсіздігі тұжырымдамасының эволюциясы оның бес өлшеміне негізделген: азық-түліктің болуы, оның қолжетімділігі, кәдеге жаратылуына (утилизация) және орнықтылығы мен тұрақтылығы. Алайда, азық-түлік қауіпсіздігінің дефинициясын түсіну елдің ерекшеліктерімен және үкіметтердің мүдделерімен айқындалады. Тек мүдделердің сәйкес келуі, жауапкершіліктің жоғары дәрежесі және барлық мүдделі тараптардың күш-жігерінің жалпы бағыттылығы азық-түлік қауіпсіздігі проблемасын шешуге әкелуі мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ФАО ұйымының ресми сайты, электронды ресурс: // <http://www.fao.org/legal/home/fao-members/en/>.
2. Ушачев И. Продовольственная безопасность – основа стабильного развития российской экономики // АПК: экономика, управление. – 2008. – № 8. – С. 2.
3. Хромов Ю. Международная продовольственная безопасность и интересы России // АПК: экономика, управление. – 1996. – № 2.
4. Жанбекова З.Х. Внутренние и внешние угрозы продовольственной безопасности Казахстана // Вестник КазНУ. Серия экономическая. – 2003. – № 3. – С. 23–27.
5. Лупашко-Стальский И.П. Роль международных сельскохозяйственных организаций в обеспечении продовольственной безопасности в странах мира // Информационный бюллетень Министерства сельского хозяйства Российской Федерации. – 2002.
6. Лысоченко А.А. Система и механизм обеспечения продовольственной безопасности региона в условиях переходной экономики России (на примере АПК Ростовской области): автореф. дис. ... канд. экон. наук. – Ростов-н/Д., 2002. – С. 12.
7. Султанбекова Г. и др. Продовольственная безопасность Казахстана: современное состояние и направления обеспечения // Экономика и статистика. – 2001. – № 1. – С. 42.
8. Бимендиева Л.А. Продовольственная безопасность: проблемы и пути ее решения // Вестник КазНУ. Серия экономическая. – 2002. – № 1. – С. 14–16.
9. Чернова А.О., Степаненко В.Е. Продовольственная безопасность: научно-теоретические подходы к определению терминологии // Юридический мир. – 2006. – № 10 – С. 44–48.

Аннотация

Продовольственная безопасность страны как ключевая составляющая национальной безопасности является одним из актуальных вопросов для достижения экономической независимости во многих странах. В статье проведен анализ теоретических основ концепции продовольственной безопасности. Изучение определений различных ученых-экономистов по данной проблеме позволило определить три основных подхода к формулировке понятия продовольственной безопасности в зависимости от конкретного контекста и преобладания политических вопросов: как всеобщего обеспечения гарантированной доступности продуктов для населения; как государственной гарантии доступа к продовольственным продуктам для каждого жителя страны; как продовольственной/экономической независимости страны. Приведено авторское определение, основанное на учете особенностей эволюционного развития продовольственной безопасности. Авторами рассмотрены составляющие системы продовольственной безопасности: экономическая и физическая доступность, качество и безопасность продуктов питания. Каждое измерение продовольственной безопасности направлено на решение конкретных задач. В статье представлена авторская схема системы продовольственной безопасности и взаимодействия ее составляющих. На основе необходимости проведения грамотной продовольственной политики, направленной на решение вопросов продовольственной безопасности страны, авторами проведен анализ действующих законов и программ Республики Казахстан, регулирующих данный аспект.

Ключевые слова: продовольственная безопасность, продовольственная независимость, конкурентоспособность, качество продуктов питания, анализ, доступность продуктов.

Abstract

The country's food security as a key component of national security is one of the pressing issues for achieving economic independence in many countries. The article analyzes the theoretical foundations of the concept of food security. Studying the definitions of various scientists-economists on this issue have identified three major approaches to the formulation of the concept of food security, depending on the specific context and prevailing political issues: as a universal guarantee of product availability for the population; how the government guarantee access to food for every citizen of the country; food / economic independence of the country. The article presents the author's definition based on taking into account the features of the evolutionary development of food security. The authors consider the components of the food security system: economic and physical accessibility, quality and safety of food. Each dimension of food security is aimed at solving specific problems. The article presents the author's scheme of the food security system and the interaction of its components. Based on the need to conduct a competent food policy aimed at addressing issues of food security of the country, the authors analyzed the current laws and programs of the Republic of Kazakhstan that regulate this aspect.

Key words: food security, food independence, competitiveness, food quality, analysis, food availability.